Бекітемін

«Ай-Керім» бөбекжай

меңгерушісі

Ж.К.Сейдалиева

# Ата-аналар жиналысының тақырыбы:
# «Отбасы мен балабақша бірлігі»





«Ақбота» Ортаңғы тобы

Тәрбиешілер:Ж.С.Төлегенова

Г.М.Бесбаева

Scanned by TapScanner

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті»
Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар.Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін.

*Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірлігі.*

Балалык шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» болып табылады.Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды –

Scanned by TapScanner

балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, тәрбиешілер қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

Scanned by TapScanner

Психогимнастика «Күншуақ»

Ата-аналар ортаға шығып шеңбер бойымен дөңгеленіп тұрады. Ортада жарқырап тұрған күннің сәулесі мен жылуынан біздің ата-аналарда, балабақшада да жайлы. Олай болса, әрқайсымыз мына ғажап баулар арқылы күннің жылуын қабылдайық. Күннің жылуын қабылдаған оң қолымызды жүрегіміздің үстіне қоялық. Күннің мейірім жылуы біздің өн бойымызға тарап, біздің жылуымыз көбейді. Енді осы жылуды қолдарымызды ұстасып, бір-бірімізге беріп үлкен шеңбер жасайық. Міне көрдіңіздер ме, кішкене күннің мейірім жылуын бір-бірімізге беру арқылы үлкен жарық күн де пайда болды. Әрдайым осындай күн шуағындай бір-бірімізді жылытып, бір-бірімізге мейірімді, сүйіспеншілікте болайық.

Scanned by TapScanner

Пікір сайыс:Жаңадан келген баланың топқа үйренісуі:

Балаңыздың туған күні?

Тәрбиешісінің толық аты — жөні?

Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?

Балаңыздың сүйікті асы қандай?

Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?

Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?

Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?

Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?

Балаңыздың ең жақын досы кім?

Scanned by TapScanner

№29 „Ақ-Керім бөбекжай бақшасы" МКҚК
„Ақбота" ортаңғы тобы
Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы
14.10.2022ж.

Күн тәртібінде

1. Шаттық шеңберін өткізу (гүл шоғымен)
2. „Ақбота" тобының күн тәртібі мен ата-аналарды таныстыру.
3. Отбасы мен балабақша бірлігі туралы түсініктерін қалыптастыру.
4. Психогимнастика „Күншуақ" психолог Рустемова Ж.
5. Ата-аналардың басып міндеттерімен таныстыру ж/е ата-аналар комитетін сайлау.
6. Әр-түрлі мәселелер

Күн тәртібінде бірінші кезекте тәрбиешілер мен ата-аналар шеңбер құрып, шаттық шеңберінде ата-аналарға жылулық, мейірімділік сыйлап

көңілдеріне жылылық лебізін білдірді.
Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша топтың күн тәртібімен таныстырып, әр уақыттың өзінің белгілі бір күн режиміне сай құрылғанын айтып, балаларда себепсіз қыңырлықтың көрінбеуі туралы айтылды.
Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша Төлегенова Ж.С. (тәрбиеші) „Отбасы мен балабақша бірлігі" тақырыбын ашып кеңесін баяндады.
Сонымен қатар әр ұйымдастырылған іс-әрекетінде шумақтарды, өлеңдерді жатқа ортада құрастыру тапсырмалары арқылы үйренген сөздерін толық меңгеріп айтады.
Келесі баяндама шығарған Бейсбаева Г.М. (тәрбиеші) ата-аналарға сұрақ қоя отырып:

1. Жаңадан келген баланың топқа үйренуі
2. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?

Scanned by TapScanner

3. Балаңыздың сүйікті ісі?

4. Балаңызда еркелетік қандай сөздер айтасыз?

Осы мәселе бойынша ата-ана Эргешбаева А. қызының ортаға бейімделуіне ойындардың зор ықпалы бар екенін мәлімдеді.

Ата-ана Шойдынбаев А. үйде де осындай қарапайым ойындарды ойнап отырып, баланы дамытуға болатынын, балабақшадағы жеке тәрбиенің зор екені туралы ойға келді.

Келесі кезекте Рустемова Ж. психолог ата-аналармен психогимнастика „Күнбағыс" ойынын ойнатты.

Соңынан қамқор ата-аналар жиналысында келесі мәселе бойынша бір ауыздан ата-ана комитетінің төрағасы мен мүшелерін сайлау үшін, дауысқа салу әдісін қолданды.

Ата-аналар комитетінің төрағасы:
Эргешбаева А. мүшелері Жолдыбай А. Худайбердиева А. сайланды.

Scanned by TapScanner

Келесі кезекте Ж-түрлі мәселе бойынша баланың қазынтын, төлем ақысы, балабақшаға қатысты мәселелер қозғалды.

Қаулы:

1. Ата-аналар балабақшаның күн тәртібі мен толық танысты деп табылсын.
2. Келесі өз деңгейінде өткізілсін, танысып шықты деп табылсын.
3. Ата-аналар алқасының төрайымы болып Жұмабаева А. ата-ана сайланды.

Балалардың үзбей келуін, қазақтың сауаттылығына ата-аналарға жүктелсін.

4. Ертеңгілік мерекелерге барлығы бірдей атсалыссын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Жұмабаева А.

Ата-аналар жиналысы хатшылары:

Төлегенова Ж. С.

Бесбаева Г. М.

14.10.2022 ж.







Scanned by TapScanner